

УДК 343

Ә. Құрықбаев,  
Жоғарғы Сот судьясы

## КІНӘНІ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘМІЛЕ НЫСАНЫНДА ІС ЖҮРГІЗУ КЕЛІСІМІ

### Аңдатпа

Мақалада кінәні мойындау туралы мәміле түрінде іс жүргізу келісімін жасасумен байланысты қылмыстық істер жүргізудің заңнамалық нормалары қарастырылады. Сондай-ақ мақалада кінәні мойындау туралы мәміле жасасу процедураларының тәртібі келтіріледі, осындай келісімге қол қойғаннан соң тараптардың одан арғы әрекеті көрініс табады.

**Тірек сөздер:** кінәні мойындау туралы мәміле, қылмыстық іс, іс жүргізу келісімі.

### Аннотация

В статье рассматриваются законодательные нормы ведения уголовных дел, связанных с заключением процессуального соглашения в форме сделки о признании вины. Приводится порядок процедуры заключения сделки о признании вины, описывается дальнейший ход действий сторон после подписания подобного соглашения.

**Ключевые слова:** сделка о признании вины, уголовное дело, процессуальное соглашение.

### Abstract

The article discusses the legal requirements for the management of criminal cases related to the conclusion of the procedural agreement in the form of the transaction plea. Provides the procedure of the transaction plea, describes the further course of the conduct of the parties after the signing of this agreement.

**Keywords:** deal plea, criminal case, the procedural agreement.

Қылмыстық істерді жүргізу заңдарын жетілдірудегі мақсат, қылмыстық істі тергеуді және сотта қаралуын оңтайландыру арқылы қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам мен азаматтардың конституцияда белгіленген құқықтарымен бостандықтарын қорғауды әлемдік стандарттарға жақындату.

Жаңа қабылданған қылмыстық істер жүргізу кодексінің жаңа новелласы-процессуальдық келісім жасасу. Процессуальдық келісім жасау тәжірибесі бүгін пайда болған жоқ, біраз мемлекеттерде қолданылып келе жатқан процессуальдық әрекет.

АҚШ және басқа мемлекеттерде процессуальдық келісім – «кінәсін мойындау туралы мәміле» деп аталады. Бұл мәміле айыпталушының, оның қорғаушысының прокурормен келісімі. Кінәсін мойындаған айыпталушымен прокурор оның әрекетін басқа жеңіл қылмысқа ауыстырып қайта саралауға және жазасын жеңілдетуге келіседі. Осындай мәмілеге келген жағдайда АҚШ-та қылмыстық істі алқабилер соты емес, судьяның жеке өзі қарайды. Ғаламторда жүрген «[dic.academic.ru](http://dic.academic.ru)» сайтының мәліметіне қарағанда кінәсін мойындау туралы мәмілеге келу АҚШ, Англия, Индия, Италия, Франция, Эстония, Израиль және Грузия сияқты мемлекеттерде кеңінен қолданылады екен. АҚШ-та қылмыстық істердің 90 пайызы осындай мәмілеге келу арқылы аяқталатын көрінеді.

Ресей ғалымдары А. Гуськова, С. Пономаренко және Н. Дубовиктердің пікірінше ресей қылмыстық істер жүргізу заңында кінәсін мойындау арқылы мәмілеге келу жоқ, алайда осыған ұқсас сот шешімінің қабылдаудың ерекше тәртібі бар. Т. Рябинина ресей қылмыстық істер жүргізу заңындағы қылмыстық іс қараудың жеңілдету айыптының қылмысын толық мойындауында мүмкін болса, анго-саксондық кінәні мойындау келісімі тағылған айыптың көлемін кішірейту, азайту арқылы іске асады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жүргізу заңы келісім жасасудың түпкі мақсаты қылмыс жасаған адаммен келісе отырып тергеу және сот процесін жеңілдету екені алға тарта отырып, мәміле жасаудың жаңа шарттарын енгізіп отыр.

Қылмыстық істер жүргізу кодексіне сәйкес жасалған іс жүргізу келісімін жалпы:

1) кішігірім, орташа ауырлықтағы не ауыр қылмыстар бойынша – күдіктінің, айыпталушының сезіктенумен (айыптаумен) келісуі жағдайында жасалатын кінәні мойындау туралы келісім;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша жасалатын ынтымақтастық туралы келісім деп екіге бөлуге болады.

Біз осы мақала көлемінде тек **кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасаумен байланысты қылмыстық істі жүргізуге арналған заң нормаларына ғана тоқталып отырмыз.**

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында – кішігірім, орташа ауырлықтағы не ауыр қылмыстар бойынша – күдіктінің, айыпталушының сезіктенумен (айыптаумен) келісуі жағдайында көптеген қылмыстық істерді тергеуді жеңілдетуге себеп болады.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында іс жүргізуді сотта үкім шығарумен аяқталады.

Жаңа қылмыстық істер жүргізу заңының бұл талабы Конституциямыздың 77-бабының 2-тармағындағы адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі деген қағидатын іске асыру болып табылады. Заңда көрсетілгендей кінәні мойындау туралы мәмілеге келудің басты шарты күдіктінің, айыпкердің сезіктенумен немесе айыптаумен келісуі. Айыптаумен келісе отырып, ол қылмыстық ізге түсу органдарынан басқа дәлелдер жинау үшін тергеу әрекеттерін жүргізуді талап етпейді. Жинақталған дәлелдермен толық келіседі.

Сонымен қатар айыпты тек кінәсін мойындап қана қоймай, жасаған қылмысы үшін шын жүректен өкінетін де білдіруі қажет. Оның үстіне іс жүргізу келісімін жасауға жәбірленушінің келісімін алу үшін оған келтірілген зиянның орнын өз еркімен толтыруы қажет.

Ал енді кінәні мойындау туралы мәмілеге келудің негізгі шарты ол күдіктінің өз кінәсін мойындауы болса, ал күдіктінің (айыптының) іс жүргізу келісімін жасауға ерікті түрде ниет білдіруі, оның іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерді, жәбірленушіге келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін дауламауы және іс жүргізу келісімін жасауға жәбірленушінің келісуі қосымша шарттары болып табылады.

Қылмыстық істер жүргізу заңы күдіктіге, айыпталушыға қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудің кез келген кезінде кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасау туралы өтінішхаттың мәлімдеу құқығын беріп отыр.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіден, айыпталушыдан не қорғаушыдан кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасау туралы өтінішхатты алып, үш тәулік ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге іс жүргізу келісімін жасау туралы мәселені шешу үшін үшін прокурорға жібереді;

2) мәлімделген өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Іс жүргізу келісімін жасау туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қылмыстық қудалау органының қаулысына күдікті, айыпталушы не оның қорғаушысы қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға шағымдануы мүмкін.

Прокурор күдіктінің, айыпталушының іс жүргізу келісімін жасау туралы мәлімделген өтінішхатын қарау кезінде:

1) адам жасалған әрекеттің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу туралы іс жүргізу келісіміне жататынын не жатпайтынын;

2) іс жүргізу келісімін жасау туралы өтінішхатты адамның ерікті түрде мәлімдегенін және оны жасаудың салдарлары туралы білетіндігін;

3) адамның жиналған дәлелдемелерді және әрекетті саралауды дауламайтынын;

4) адамның өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне және азаматтық қуынымға келісетінін;

5) істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың жоқтығын тексеруге міндетті.

Аталған мән-жайларды анықтау үшін прокурор өтінішхатты берген адамды, оның қорғаушысын шақырады (күзетпен ұсталатын адамның жеткізілуін талап етеді). Өтінішхатты берген адамға прокурор іс жүргізу келісімін жасау салдарын, оны жасаудан бас тарту құқығын түсіндіреді.

Іс жүргізу келісімін жасаудың талаптары жазылуға тиіс мәлімделген өтінішхатты қараудың қорытындылары бойынша прокурор, жәбірленушінің пікірін ескере отырып, ол болған кезде үш тәулік ішінде қорғау тарапына:

1) іс жүргізу келісімін жасау, оның ішінде өзінің талаптарын жаза отырып жасау ниеті туралы;

2) өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Жәбірленуші іс жүргізу келісімін жасауға келіспеген кезде прокурор бұл туралы өтінішхатты

мәлімдеген адамға хабарлайды және жалпы тәртіппен тергеуді жүзеге асыру үшін қылмыстық істі қайтарады.

Іс жүргізу келісімін жасаудан прокурордың бас тартуына шағым жасалмайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімі:

1) қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең болмағанда біреуі аса ауыр қылмыс болса және жауапқа тартылған кәмілеттік жасқа толмаса немесе қылмысты есі дұрыс емес күйде жасаса;

2) егер күдіктілердің, айыптылардың ең болмағанда біреуі іс жүргізу келісімін жасауға қарсы болса, адамдар тобы жасаған қылмыстар бойынша;

3) егер жәбірленушінің ең болмағанда біреуі іс жүргізу келісімін жасауға келіспесе, жасалмауы мүмкін.

Адамдар тобы болып қылмыс жасаған жағдайда айыпкерлердің біреуі, бір айыпкерге бірнеше қылмыс бойынша айып тағылып, оның осы қылмыстық әрекетінен зардап шеккен бірнеше жәбірленушінің біреуі іс жүргізу келісімін жасауға келіспесе келісім жасалмайды.

**Қылмыстық істер жүргізу заңында кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасау төмендегідей тәртібі қарастырылған.**

Прокурор іс жүргізу келісімін жасасу ниеті туралы қорғау тарапына хабарлама жібергеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей күдіктіні, айыпталушыны және қорғаушыны қатыстыра отырып, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу туралы іс жүргізу келісімін жасайды.

Іс жүргізу келісімінде:

1) оның жасалған күні мен орны;

2) іс жүргізу келісімін жасаушы прокуратура органының лауазымды адамы;

3) келісім жасаушы күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты, туған күні мен жері, тұрғылықты орны және айналысатын жұмысы, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты;

4) қылмысты оның жасалған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелдеуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау;

5) іс жүргізу келісімін жасағаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін іс-әрекеттер;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін тармағы, бөлігі, бабы;

7) талаптарды сақтаған және іс жүргізу келісімінде көрсетілген міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін қылмыстық жауаптылық пен жазалауды және қылмыстық заңның нормаларын жеңілдететін мән-жайлар;

8) ол туралы прокурор сот алдында өтініш білдіретін жазаның түрі мен мөлшері;

9) іс жүргізу келісімін жасаудың салдары;

10) іс жүргізу келісімін жасауға жәбірленушінің келісуі туралы көрсетілуге тиіс.

Іс жүргізу келісіміне прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. Іс жүргізу келісіміне қол қойғанға дейін күдіктінің, айыпталушының өз қорғаушысымен оның ережелерін оңаша және құпия талқылауға құқығы бар.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісіміне қол қойғаннан кейін іс бойынша тергеу және іс жүргізу әрекеттерін жүргізу қажет кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеу органына жібереді.

Тергеуші, анықтаушы күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асырады.

Егер сотқа дейінгі тергеу нәтижесінде іс жүргізу келісімінде көзделмеген қылмыс жасаудың өзге де мән-жайлары белгілі болған жағдайда, осы келісім қайта қаралуға жатады не өзінің қолданысын тоқтатады.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімі жасалғаннан кейін тергеу және іс жүргізу әрекеттерін жүргізудің қажеттігі болмаған жағдайда, іс бойынша сотқа дейінгі тергеу аяқталды деп есептеледі және прокурор оны айыптау актісінің дереу сотқа жібереді, бұл туралы жәбірленушіге хабарланады.

**Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасаған жағдайда қылмыстық іс** сотқа дейінгі іс жүргізу іс жүргізу келісімін жасаған кезден бастап, анықтау істері бойынша бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі ай мерзімде аяқталады және іс жүргізу келісімін жасауға келісім берген жәбірленушіні залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айырылады.

Осы көрсетілген мән-жайлар кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісімін жасаудың салдарлары болып табылады.

Сонымен бірге заңда күдіктінің, айыпталушының іс жүргізу келісімінен сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бас тарту құқығы да қарастырылған.

Іс жүргізу келісімі жәбірленушіні азаматтық қуыным ұсыну құқығынан айырмайды, бірақ та жоғары да көрсетілгендей залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгеру құқығынан айырылады. Бұл жерде қылмыстық істер жүргізу заңы келісімнен кейін залалдың мөлшерін көбейтуге жол берілмейтініне меңзеп отыр.

Тараптардың іс жүргізу келісімінен бас тартуы оны қайтадан жасау туралы өтінішхатты мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Сот, егер:

1) сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында іс жүргізу келісімі жасалса;

2) іс жүргізу келісімі сот талқылауы барысында жасалса істі келісу іс жүргізуінде шешеді.

Егер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін іс жүргізу келісіміне келісім білдірілмесе, келісу іс жүргізуіне жол берілмейді.

Судья іс жүргізу келісімімен және істі келісу іс жүргізуінде қарау туралы өтінішхатпен бірге қылмыстық істі алып, жасалған іс жүргізу келісімінің заң талаптарына сәйкестігін тексереді, содан кейін:

1) келісу іс жүргізуінде талқылау тағайындау туралы;

2) егер келісу іс жүргізуін қолдану үшін негіздер болмаса, қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы;

3) егер сот қылмыстың саралануымен, азаматтық қуыным мөлшерімен келіспесе, жаңа келісім жасау мүмкіндігін ұсына отырып, қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулы шығарады.

Тараптар жаңа іс жүргізу келісімін жасағаннан кейін қылмыстың саралануы, азаматтық қуыным мөлшері, жазаның түрі немесе мөлшері мәселелері бойынша сот қаулысына сәйкес прокурор қылмыстық істі жаңа іс жүргізу келісімімен бірге оны келісу іс жүргізуінде қарау үшін сотқа жібереді.

Судья жаңа іс жүргізу келісімімен келіспеген кезде ол істі келісу іс жүргізуінде қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады және ол бойынша жалпы тәртіппен іс жүргізуді жүзеге асыру үшін істі прокурорға жібереді.

Келісу іс жүргізуінде талқылау тағайындау туралы және егер келісу іс жүргізуін қолдану үшін негіздер болмаса, қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы шешім қабылдау үшін істі алдын ала тыңдау жүргізеді.

Келісу іс жүргізуі жанындағы сот отырысына прокурор, сотталушы және оның қорғаушысы қатысады. Жәбірленуші, азаматтық қуынушы және олардың өкілдері сот отырысына шақырылмайды.

Сот олардың сот талқылауына қатысуын коммуникациялық техникалық құралдардың көмегімен келісу іс жүргізуінде ұйымдастыра алады.

Сот отырысында бас тартулар мен өтінішхаттарды шешкеннен кейін төрағалық етуші іс жүргізу келісімін қараудың басталғаны туралы жария етеді және прокурорға оның мәнін баяндауды ұсынады.

Прокурордың сөйлеген сөзінен кейін төрағалық етуші сотталушыдан оған іс жүргізу келісімінің мәнін түсінгенін және онымен келісетінін не келіспейтінін сұрайды. Қажет болған кезде төрағалық етуші сотталушыға іс жүргізу келісімінің мәнін түсіндіреді, одан кейін келісім жасаудың мән-жайын сотқа хабарлауды ұсынады және іс жүргізу келісімінің оның еркіне сәйкестігін және ол оны қолдайтынын не қолдамайтынын және осы іс бойынша сотқа бірдеңе хабарлағысы келетінін анықтайды.

Сотталушының позициясын анықтай отырып, төрағалық етуші қорғаушыға және прокурорға іс жүргізу келісіміне қатысты олардың пікірін хабарлайды, сондай-ақ іс жүргізу келісімінің күшінде қалатынын не қалмайтынын анықтайды.

Төрағалық етуші сот отырысында қажет болған кезде іс жүргізу келісімін жасаудың заңда көзделген тәртібін сақтау мәселесі бойынша прокурордан, сотталушыдан және оның қорғаушысынан жауап алады.

Іс жүргізу келісімін қарау аяқталғаннан кейін төрағалық етуші сотталушыдан келісімде көзделген мүліктік өндіріп алулар бөлігінде сот актісін өз еркімен орындау үшін оған қандай мерзім қажет екенін анықтайды, бұл ретте оның отбасылық және материалдық жағдайын анықтайды. Сотталушыны тыңдап болған соң төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетеді және сот шешімін жария ету уақытын хабарлайды.

Істі келісу іс жүргізуінде қарау келісу іс жүргізуінде талқылау тағайындалған кезден бастап бес тәуліктен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Көрсетілген мерзімді судья дәлелді қаулысымен орынды мерзімге ұзарта алады.

Іс жүргізу келісімін келісу іс жүргізуінде қарау қорытындылары бойынша сот мынадай дәлелді шешімдердің бірін:

1) егер келісу іс жүргізуін қолдануға негіз болмаса, прокурорға қылмыстық істі қайтару туралы қаулы;

2) егер сот іс жүргізу келісімінде көрсетілген қылмыстың саралануымен, азаматтық қуынымның мөлшерімен не жаза түрімен немесе оның мөлшерімен келіспесе, жаңа іс жүргізу келісімін жасау үшін қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулы;

3) егер сотта сотталушының кінәлілігіне күмән туындаса, келісу іс жүргізуінен бас тарту туралы және қылмыстық істі қайтару туралы және қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулы;

4) егер осы Кодекстің 35-бабында тізбеленген мән-жайлар анықталса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы;

5) іс жүргізу келісіміне сәйкес азаматтық қуыным және басқа да жазалар жөніндегі шешіммен сотталушыға жаза тағайындай отырып, айыптау үкімін шығарады.

**Айыпталушы үшін кінәсін мойындап мәмілеге келудің басты мақсаты тағайындалатын жазаның мөлшерін неғұрлым төмендету болып табылды. Прокурор болса келісімге келгенде сотталушыға тағайындау үшін сұрайтын жазаның мөлшерін анықтап алуы қажет. Сот егер қылмыстық істі жасалған келісімге байланысты қарайтын болса, сотталғанға прокурор сұраған жазадан жоғары жаза тағайындай алмайды.**

Егер келісу іс жүргізуін қолдануға негіз болмаса, прокурорға қылмыстық істі қайтару туралы және егер сот іс жүргізу келісімінде көрсетілген қылмыстың саралануымен, азаматтық қуынымның мөлшерімен не жаза түрімен немесе оның мөлшерімен келіспесе, жаңа іс жүргізу келісімін жасау үшін қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулыны шығарған жағдайда, қылмыстық іс жалпы тәртіппен тергеу ісін жүргізу үшін прокурорға қайтарылады.

Тараптар қылмысты саралау, азаматтық қуыным мөлшері не жаза түрі немесе оның мөлшері мәселелері бойынша сот қаулысына сәйкес жаңа іс жүргізу келісімін жасағаннан кейін прокурор сотқа оны келісу іс жүргізуінде қарау үшін жаңа іс жүргізу келісімімен бірге қылмыстық істі жібереді.

Жаңа іс жүргізу келісімімен келіспеген кезде судья келісу іс жүргізуінде істі қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады және прокурорға жалпы тәртіппен сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыру үшін қылмыстық істі жібереді.

Атап көрсететін бір жағдай ол қылмыстық істер жүргізу кодесінің 617-бабның бірінші тармағында кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы іс жүргізу келісіміне қол қойғаннан кейін іс бойынша тергеу және іс жүргізу әрекеттерін жүргізу қажет кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеу органына жібереді деп көрсетілген.

Әрине, тергеуші не анықтаушы прокурордың тапсырмасын орындау барысында күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асыру үшін қосымша тергеу жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Жаңа қылмыстық істер жүргізу заңы қылмыс жасаған адамды тергеу әрекеттері біткенше күдікті адам ретінде тануды ұсынып отыр. Тергеу бітіп, прокурор айыптау актісін бекіткен кезден бастап күдікті айыпталушы ретінде танылады. Адамға айып тағу тергеу орындарының адамның қылмыс жасағанын дәлелдейтін дәлелдер жеткілікті болған жағдайда ғана іске асады. Сонымен қатар сотқа дейінгі тергеу іс жүргізу келісімін жасаумен аяқтаған адам айыпталушы болып табылады. Жаңа қылмыстық істер жүргізу заңындағы күдіктінің статусы біздің әдеттегі түсінігіміздегі күдіктінің статусына әлде қайда кең екенін айтуымыз керек. Оның жасаған қылмысын дәлелдейтін дәлелдер жеткілікті болсада ол күдікті ретінде қала береді. Күдікті сейілту үшін жинақталған дәлелдер адамның қылмыс жасағанын нақты көрсететін болуы керек. Бұл келісімде адамның кінәсін мойындауы басты шарт болса да ол күдікті адамның қылмыстық әрекетін бекітетін дәлелдердің аздығына байланысты келісім процедурасын бастауға жеткіліксіз болады. Кінәсін мойындау да көрсетілген қылмыстық әрекеттер объективті дәлелдермен бекітілмей қабылданбайды.

Сондықтанда келісім процедурасын адамға тағылған күдікті сейілтетін дәлелдер жеткілікті болғаннан кейін кейін бастаған дұрыс болады.

Мақаламыздың басында көрсеткендей іс жүргізу келісімінің мақсаты тергеу әрекеттерін жеңілдету болса және күдікті немесе айыпталушы кінәсін мойындап, жинақталған дәлелдермен келісе отырып, іс жүргізу келісіміне қол қойылғаннан кейін қосымша дәлелдер жинаудың менің ойымша қажеттігі жоқ.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған.
- 2 Қылмыстық істер жүргізу кодексі, 2014 жылы 4 шілдеде қабылданған мәтіні.
- 3 Гарипов Р. Ф. «Сделка о признании вины» как альтернатива суду присяжных заседателей в уголовном правосудии США. – ЕврАзЮж, № 2, 2009.
- 4 [Dic.academic.ru](http://Dic.academic.ru) сайты.
- 5 Гуськов А. П., Пономаренко С. С. Об особом порядке принятия судебного решения при согласии обвиняемого с предъявленным ему обвинением по российскому уголовно-процессуальному закону. – Российский судья, 2002. – № 10, с. 18–19.
- 6 Дубовик Н. «Сделка признания вины» и «особый порядок»: сравнительный анализ Российская юстиция, 2004. – № 4.
- 7 Рянина Т. К. Особый порядок судебного разбирательства как одна из сокращенных форм уголовного судопроизводства. – Российский судья, 2004. – № 9.